



EGEMEN QAZAQSTAN

Қазақтың Қанышы

Қазақстан ғылымының өркен жайып өрлеуіне қажырлы қамқорлық жасаған алып тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толып отыр. Осы орайда Қолжазбалар мен сирек кітаптар ұлттық орталығында өткен «Қ.Сәтбаев – ғылым мен мәдениетіміздің ұлы тұлғасы» атты көрмеде академиктің өмірі мен қызмет жолының бел-белестері көрініс тапты.



Жиынға қатысқан қоғам қайраткерлері мен ғалымдар, зиялы қауым өкілдері Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің және қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы тұлға туралы тұшымды естеліктер айтты. «Бойындағы қажыр-қайратын Отан үшін жұмсап, ғылыми және мемлекеттік қызметінің бар жемісін халық игілігіне арнаған үлкен ғалымның өмір жолы, еңбегі тұнған тағылым. Халқына адал перзенттің ғибраты жыл өт-

кен сайын биіктей түскен тәрізді, бұл – келешек ұрпаққа елін сүюдің, аянбай қызмет етудің үлгісі», деген Академик Қ.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейінің басшысы Бақыт Кенжеқайырқызы ғалымның өмірі мен еңбектері жайлы сыр шертті.

Көрмеде академиктің туған қыстауы, азамат болған шағынан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті болып сайланған уақытқа дейінгі, одан кейінгі де өмір жолдарынан мол мағлұмат берілді. Ғалымның өзі қолданған тұмар шанақты домбырасы, киген киімдері сынды жеке заттары шетелдерге барғандағы сапарлары жөніндегі арнайы стендтер көпшілік назарына ұсынылды.

Баянауыл мемориалдық музей қорынан әкелінген құнды жәдігерлердің арасында Қаныш Имантайұлының 1935 жылы Ұлытаудағы Алтыншоқыдан тапқан Әмір Темірдің жорық кезінде қашап қалдырған жазба тасының фотосуреті де бар. Тас бетінде «Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы. Жаздың өлара айы. Тұранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңір нәсіп берсін» деп жазылған. Қазіргі күні жазба тас мемлекеттік Эрмитаж (Санкт-Петербург) музейінде сақтаулы.

Қаныштанушы зерттеушілердің айтқанынан аңғарғанымыздай, Қаныш Имантайұлы – оқымысты геолог қана емес, өнерге айрықша қамқор болған жан. Тұсында Сәтбаевтың аузынан А.В. Затаевич жазып алған 25 ән 1931 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақтың 500 ән мен күйі» атты іргелі еңбекке енген. Осы әндерге берген түсіндірмесінде А.В.Затаевичтің «Қаныш Сәтбаев – Томск технологиялық институтында білім алған жас қазақ инженері. Бұл жинаққа әуен мен саз саласында бірсыпыра өте бағалы хабарлама жасап қана қоймай, сонымен бірге ән текстерін беріп, олардың орысша аудармасын жасаған тамаша білгір де Баянауыл әндерінің жақсы орындаушысы!» деп баға беруі Қаныш Имантайұлының қазақ өнертанымның бастауында тұрғанын көрсетсе керек. Иә, қазақ халқының біртуар перзенті Сәтбаев есімі халық жадында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар жетекшілік еткен Ұлттық ғылым академиясының геологиялық ғылымдар институтына, Алматы, Балқаш, Семей қалаларындағы көшелерге, кіші планетаға берілген. Қ.Имантайұлының құрметіне Жоңғар Алатауы жотасындағы мұздақ пен шың, Қаратаудағы ванадий кен орны рудаларында табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Ғұлама ғалым туралы Әлкей Марғұлан сөзімен айтсақ, «Қаныш – аяулы ғалымдығымен бірге халықтың сүйген ұлы, бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен кісі. Сондықтан оның жарқын бейнесі біздің жас ұрпақтар үшін аса қадірлі, аса қымбат».

Ая Өміртай